

**Ленинград құрсауда болған кезеңде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс жасаған және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалі мен "Құрсаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған Алматы қаласында тұратын азаматтарға қосымша берілетін жеңілдіктер туралы**

### *Күшін жойған*

ІІІ сайланған Алматы қаласы мәслихатының ХХХ сессиясының 2007 жылғы 5 маусымдағы N 353 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2007 жылғы 25 маусымда N 747 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 56 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2012.09.14 № 56 шешімімен (01.01.2013 бастап күшіне енеді).**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 52 бабының 1 тармағының 5 тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына сәйкес ІІІ сайланған Алматы қаласы мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Алматы қаласы әкімінің Ленинград құрсауда болған кезеңде қаланың кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс жасаған және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалі мен "Құрсаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған Алматы қаласында тұратын азаматтарға қосымша келесі жеңілдіктер беру туралы ұсынысына қолдау жасалсын:

1) әуе көлігімен Санкт-Петербург қаласына екі жылда бір рет тегін барып қ а й т у ы н а ;

2) жыл сайын 5 мың теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек к ө р с е т і л с і н .

2. Алматы қаласы экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті осы шешімде көрсетілген азаматтар санатына қосымша жеңілдіктер көрсету үшін жыл сайын қала бюджетінде халықты әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек көрсетуге ақшалай қаражат қарастырсын.

3. Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті осы шешімде көрсетілген азаматтар санатына қосымша жеңілдіктер көрсету үшін бөлінген ақшалай қаражаттың мақсатты орындалуын қамтамасыз е т с і н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік мәселелер мен денсаулық сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына (Е.Б. Тәжиев) және Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.А. Бүкеновке жүктелсін.

*III сайланған Алматы қаласы  
мәслихаты ХХХ сессиясының  
төрағасы С. Лебедев*

*III сайланған Алматы қаласы  
мәслихаты хатшысы Т. Мұқашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК